

«№ 86 ЖББМ» КММ Қамқоршылық кеңесінің
отырысы
Хаттама №5

Күні: 11.06.2022ж.

Қатысты: Қамқоршылық кеңестің 4 мүшесі

1. Ашимов Толеген Мукатаевич – ҚҚ төрағасы
2. Бекбосынов Нурлан Сакенович– ҚҚ мүшесі
3. Ким Сергей Константинович– ҚҚ мүшесі
4. Ыбышев Саяхат Саятович– ҚҚ мүшесі

Шақырылды:

Мектеп директоры

ОТЖ директор орынбасары

ОТЖ директор орынбасары

ТЖ директор орынбасары

ТЖ директор орынбасары

Асамиданова Г.И

Садыкбекова Ж.К.

Лоор И.И.

Оспанова Б.К.

Сакенова Т.А.

Күн тәртібі:

1. 2021-2022 оқу жылында оқушылар үшін Қамқоршылық кеңесінің мүшелері тарапынан ұйымдастырылған іс-шаралар.
2. 2022-2023 оқу жылына арналған алдын ала жұмыс жоспарын қарастыру.
3. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің құрамы.
4. Мектептің жөндеу жұмыстарына қаржы бөлу туралы.

1. Бірінші сұрақ бойынша мектеп директоры Г.И.Асамиданова сөйледі:
2021 жылдың 2 қыркүйегінде бекітілген жоспар бойынша біршама іс-шаралар атқарылды: Б.Момышұлының 110 жылдығына арналған тауға шығу жарысы, үйірме, клуб жұмыстарына оқушыларды тарту, кәсіптік бағдар бойынша балаларды музей, телеканалға апару, сонымен қоса, оқушыларға ұйымдастырылатын тамақ беру үрдісі бойынша бақылау, асхана тазалығын тексеру жұмыстары жүргізілді, мектеп құрылысы жұмыстарына қаржы бөлінді.
Дегенмен, пандемия мен қаржы тапшылығына байланысты бірнеше іс-шараларды кейінге шегеруге тура келді. Оларды жүзеге асыруға әлі де уақытымыз бар.
Бүгінгі күні Жазғы лагерь жобасы ұйымдастырылуда және осы лагерьдің келесі маусымына автобус жалдау, құнын төлеу секілді қызметтеріне ат салысуды, сонымен қоса, жыл бойы жақсы оқып,өзін белсенді көрсеткен оқушыларды Егіндібұлақ аумағына саяхат шығару жұмыстарын жүргізуді ұсынамыз.

2. Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Т.А.Сакенова сөз сөйледі: 2022-2023 оқу жылына биылғы оқу жылында жүзеге аспай қалған кейбір іс-шараларды енгізуді ұсынамыз. Мысалы:
 - Жаңадан жөндеу жұмыстары жасалған физика кабинетінде шеберлік сағаттарын өткізу;
 - «Әкелер кеңесі» ұйымын қайта қарастыру.
 - «Түнгі қаладағы балалар», «Есірткісіз шағын аудан» тақырыптарында полиция қызметкерлерімен қала аумағын аралау, жұмыстарын көру (кәсіби бағдар).
 - Жалпы мектепшілік шараларға қатысу

3. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің құрамы бойынша мектеп директоры Г.И.Асамиданова сөйледі. Қамқоршылық кеңестің барлық отырысына шақыру бойынша келмейтін азаматтарды кеңес құрамынан шығаруды ұсынамын:

1. Тусенова Айгерим Нарынбековна
2. Уалибеков Абай Уалибекович

4. ҚК отырысының 18.01.2022 ж. № 4 хаттамасында көрсетілген 2022 жылғы мектеп ішіндегі күрделі жұмыстарды ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жөндеу жұмыстарына қажетті заттар сатып алынды.

Күрделі жөндеу жұмыстары кезінде авторлық қадағалау қызметкерлері 1-қабаттың еденін лакпен бояп, демонтаж жасауды ұсынса, ал мердігерлер еденді керамогранит таспен жабуды ұсынады. Осы мәселенің шешімін ҚК мүшелеріне қарастыру жүктелсін.

Қаулы: 1. Ақпарат назарға алынсын.


2. Келесі оқу жылына арналған жоспар толықтырылсын. «Әкелер кеңесі» ата-аналар кеңесінің төрағаларымен кеңесе отырып, ұйымдастырылсын.

3. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің құрамынан Тусенова Айгерим Нарынбековна, Уалибеков Абай Уалибекович алынып тасталсын.

ҚК мүшелерінен кеткен адамдардың орнына басқа жаңа құрам қарастырылсын.


4. 1-2 қабатта күрделі жөндеу жұмыстары мердігерлердің ұсынысы бойынша жүргізілсін.

ҚК төрағасы



Ашимов Т.М.

ҚК хатшысы



Даденова М.С

Танысты:

1. Ашимов Т.М.
2. Карипбекова Б.Б.
3. Букенов А.Ж.
4. Маликова Э.А.
5. Жумабеков Б.К.
6. Бекбосынов Н.С.
7. Ким С.К.
8. Тусенова А.Н.
9. Ыбышев С.С.
10. Зейнидинов А.К.
11. Уалибеков А.У.

